

УДК 37.016  
ГРНТИ 16.21.27

## ҚОС ТІЛДІ ОРТАДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: БАЯН-ӨЛГЕЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ПРАКТИКАСЫ

**Мұратқызы Н.**

*Х.Хызырхан атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мұғалімі  
Баян-Өлгей аймағы, Моңғолия  
nurkanazka@gmail.com*

**Жусупова Г.С.**

*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қостанай кәсіби даму институтының кафедра меңгерушісі,  
galiya02021976@gmail.com*

## ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ В ДВУЯЗЫЧНОЙ СРЕДЕ: ПРАКТИКА КАЗАХСКИХ ШКОЛ БАЯН-ӨЛГІЙСКОГО АЙМАКА

**Муратқызы Н.**

*учитель казахского языка  
общеобразовательная школа имени Х. Хызырхана  
Баян-Өлгийский аймак, Монголия  
nurkanazka@gmail.com*

**Жусупова Г. С.**

*заведующая кафедрой Костанайского института профессионального развития  
филиала АО «НЦПК «Өрлеу»  
galiya02021976@gmail.com*

## DEVELOPING READING LITERACY IN A BILINGUAL ENVIRONMENT: THE PRACTICE OF KAZAKH SCHOOLS IN THE BAYAN-OLGII REGION

**Muratkyzy N.**

*Kazakh Language Teacher  
Kh. Khyzyrkhan Secondary School  
Bayan-Ölgii Region, Mongolia  
e-mail: nurkanazka@gmail.com*

**Zhussupova G. S.**

*Head of the Department, Kostanay Institute of Professional Development  
Branch of JSC “Orleu” National Center for Professional Development  
galiya02021976@gmail.com*

### **Аңдатпа**

Бұл мақалада қос тілді білім беру жағдайында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептерінің тәжірибесі негізінде қарастырылады. Моңғолиядағы қазақ мектептері оқыту тілі қазақ тілінде болғанымен, қоғамдық-әлеуметтік және ресми кеңістікте моңғол тілінің басымдығы оқушылардың оқу әрекетіне тікелей ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты – қос тілді ортада білім алатын оқушылардың оқу сауаттылығына тән ерекшеліктерді, негізгі қиындықтарды анықтау және мұғалім тәжірибесінде тиімді болып отырған әдіс-тәсілдерді сипаттау. Зерттеу барысында бақылау, мәтінмен жұмыс тапсырмаларын талдау, салыстырмалы әдіс қолданылды.

Зерттеу нәтижесі оқушыларда аудармалық ойдың басымдығы, терминологиялық және лексикалық қиындықтар, астарлы мағынаны түсінудің әлсіздігі жиі кездесетінін көрсетеді. Сонымен бірге оқу стратегияларын мақсатты және жүйелі қолдануға мәтінді терең түсінуге және оқу сауаттылығын арттыруға оң әсер ететіні дәлелденді.

Мақала қорытындылары қос тілді орта жағдайында оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған әдістемелік жұмысты жетілдіруге практикалық негіз бола алады.

#### **Аннотация**

*В статье рассматривается проблема формирования читательской грамотности учащихся в условиях двуязычного образования на основе опыта казахских школ Баян-Өлгийского аймака. Несмотря на то что языком обучения в казахских школах Монголии является казахский язык, доминирование монгольского языка в общественно-социальном и официальном пространстве напрямую влияет на учебную деятельность учащихся.*

*Цель исследования — выявить особенности читательской грамотности учащихся, обучающихся в двуязычной среде, определить основные трудности и описать эффективные методы и приёмы, применяемые в практике учителей. В ходе исследования использовались наблюдение, анализ заданий по работе с текстом, сравнительный метод.*

*Результаты исследования показывают, что у учащихся часто наблюдаются преобладание переводного мышления, терминологические и лексические трудности, слабое понимание подтекста. Вместе с тем доказано, что целенаправленное и системное применение стратегий чтения положительно влияет на глубокое понимание текста и повышение читательской грамотности.*

*Выводы статьи могут служить практической основой для совершенствования методической работы по развитию читательской грамотности в условиях двуязычной среды.*

#### **Annotation**

*The article examines the problem of developing students' reading literacy in the context of bilingual education based on the experience of Kazakh schools in the Bayan-Ölgii region. Although the language of instruction in Kazakh schools in Mongolia is Kazakh, the dominance of the Mongolian language in the socio-public and official domains directly affects students' learning activities.*

*The purpose of the study is to identify the specific features of reading literacy among students studying in a bilingual environment, determine the main difficulties, and describe effective methods and techniques used in teachers' practice. The research employed observation, analysis of text-based tasks, and a comparative method.*

*The findings indicate that students frequently demonstrate a predominance of translation-based thinking, as well as terminological and lexical difficulties and a weak understanding of implicit meaning. At the same time, it has been proven that the purposeful and systematic use of reading strategies has a positive effect on deep text comprehension and the development of reading literacy.*

*The conclusions of the article can serve as a practical basis for improving methodological work aimed at developing reading literacy in a bilingual environment.*

**Түйінді сөздер:** оқу сауаттылығы, қос тілді білім беру, оқу стратегиялары, мәтінмен жұмыс, әдіс-тәсілдер.

**Ключевые слова:** читательская грамотность, двуязычное образование, стратегии чтения, работа с текстом, методы и приёмы.

**Keywords:** reading literacy, bilingual education, reading strategies, text-based work, methods and techniques.

#### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту – мұғалім қызметіндегі басты міндеттердің бірі. Оқу сауаттылығы тек мәтінді оқып, мазмұнын түсінумен шектелмей, алынған ақпаратты талдау, бағалау, салыстыру және өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілетін қамтиды. Қазіргі білім беру жүйесінде оқу сауаттылығы оқушының академиялық табыстылығы мен өмірлік дағдыларының негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады. Бұл мәселе қос тілді мемлекет жағдайында ерекше маңызға ие.

Моңғолияның Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептерінде білім беру үдерісі қазақ тілінде жүргізілгенімен, оқушылар күнделікті өмірде, қоғамдық ортада және ресми құжаттарда моңғол тілімен тығыз байланыста болады. Моңғолиядағы қазақ мектептерінің орта сыныптарында оқу сауаттылығын мақсатты түрде қалыптастыруға арналған дербес оқу-әдістемелік кешендердің болмауы мәселені күрделендіре түседі. Оқу бағдарламаларында «оқу сауаттылығы» ұғымы нақты оқу нәтижесі ретінде айқындалмаған, ал оқулықтар мен

оқу құралдары негізінен грамматикалық ережелерді меңгертуге және теориялық білімді игеруге бағытталған. Бұл жағдай оқушылардың мәтінмен практикалық жұмыс жасау, ақпаратты талдау және мағынаны ашу дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптасуына кедергі келтіреді. Аталған олқылық қос тілді орта жағдайында оқу сауаттылығын дамыту мәселесінің өзектілігін арттыра түседі. Мұндай тілдік орта оқушылардың оқу әрекетіне, әсіресе мәтінді қабылдау мен түсінуіне өзіндік әсерін тигізеді. Сондықтан қос тілді ортадағы оқу сауаттылығын дамыту мәселесін практика негізінде зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептерінде оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың ерекшеліктері мен кемшіліктерін анықтау және мұғалім тәжірибесінде тиімді әдістерді ұсыну.

Зерттеу объектісі – қос тілді ортадағы оқу үдерісі.

Зерттеу нысанасы – қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы оқу сауаттылығын дамыту тәсілдері.

Ғылыми еңбектерде оқу сауаттылығы оқушының мәтінмен саналы әрекет ету қабілеті ретінде қарастырылады. Шетелдік және отандық зерттеулер оқу сауаттылығын қалыптастырудың көпфакторлы үдеріс екенін көрсетеді. Мәселен, ДЖ.Камминс билингвалды оқытуда тілдік өзара тәуелділік маңызды екенін дәлелдесе [6], PIZA халықаралық зерттеулері оқу сауаттылығы білім сапасының негізгі индикаторы екенін айқындайды. Ал, Ы.Алтынсарин еңбектерінде оқуды түсініп, оқу, мағынаны ашу дағдыларымен байланысы ерте кезеңнен-ақ атап көрсетілген. А.Байтұрсынұлы әдістемелік еңбектерінде мәтінмен саналы жұмыс, тіл арқылы ойлауды дамыту идеяларын негіздеді [2,5]. Функционалдық сауаттылықты дамытуда мәтінмен саналы жұмыс, сыни ойлау және оқу стратегияларының ролі ерекше аталады [4,7]. Ахметов Ж. функционалдық сауаттылықты дасытудағы сыни ойлаудың ролін атап көрсеткен [1]. Зерттеушілер қос тілді білім беру жағдайында тілдер арасындағы интерференция мәтінді түсінуге кедергі келтіретінін атап өтеді [3]. Сонымен қатар, көп зерттеулерде оқу сауаттылығын дамытуда оқу стратегияларын саналы түрде үйретудің маңыздылығы көрсетіледі.

Алайда, моңғол-қазақ қос тілді ортасындағы қазақ мектептерінің тәжірибесі ғылыми еңбектерде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Монғолияда орта сынып оқушыларының оқу сауаттылығы емес оқыту үдерісінде теориялық материалға басымдық беріледі. Сабақтардың көпшілігінде грамматикалық ережелерді жаттау, тілдік талдау жасау негізгі әрекет ретінде қолданылады. Ал мәтінмен жұмыс көбіне мазмұндаумен шектеліп, оқушының мәтінді терең түсінуіне, сыни ойлауына бағытталған тапсырмалар сирек ұсынылады. Бұл жағдай оқушылардың мәтіннен ақпаратты іріктеу, салыстыру, қорытынды жасау сияқты оқу дағдыларының әлсіз қалыптасуына әкеледі. Қос тілді ортада мұндай тәсілдердің басымдығы оқушылардың аудармалық ойлауға тәуелділігін арттырып, қазақ тіліндегі мәтінді саналы қабылдауын тежейді. Бұл зерттеу аталған олқылықтың орнын толтыруға бағытталды.

### **Негізгі бөлім: Зерттеу нәтижелері мен талдау**

Зерттеу барысында Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептеріндегі оқушылардың мәтінді қабылдау ерекшеліктеріне талдау жүргізілді. Бақылау, диагностикалық тапсырмалар және мәтінмен жұмыс нәтижелерін салыстыру қос тілді орта оқушылардың оқу дағдыларына жүйелі түрде әсер ететінін көрсетті.

**1. Оқу-әдістемелік кешендердің тапшылығы.** Талдау орта буында оқу сауаттылығын мақсатты қалыптастыруға арналған арнайы оқулықтар мен дербес әдістемелік құралдардың жеткіліксіз екенін көрсетті. Яғни, көбіне қолданыстағы оқулықтың мазмұнымен шектеліп, оқу стратегияларын жүйелі енгізуге мүмкіндік таппайды.

Бақылау сабақтарының нәтижесінде мәтінмен жұмыс тапсырмаларының басым бөлігі мазмұндау және сұрақ-жауап деңгейінде қалып отырғаны анықталды. Жоғары ойлау деңгейлі дағдыларды (интерпретация, бағалау, салыстыру) дамытуға бағытталған тапсырмалар сирек қолданылған.

**2. Аудармалық ойлау кедергісі.** Қос тілді ортадағы оқушылардың басым бөлігінде мәтінді тікелей түсінуден ішкі аудармаға сүйену үрдісі байқалды. Бұл құбылыс оқу қарқынын баяулатып, мәтіннің мағыналық тұтастығын қабылдауды қиындатады.

Диагностика барысында 7-сынып оқушыларына көлемі 180 сөздік танымдық мәтінді ұсыну барысында оқушылардың 60-70 % мәтінді оқығаннан кейін негізгі ойды анықтауда кідіріс танытты. Жеке әңгімелесу барысында олар мәтінді түсіну үшін кейбір тіркестерді моңғол тіліне іштей аударғанын атап өтті. Нәтижесінде, мәтінді оқу уақыты біртүрлі ортадағы нормадан көп болды.

Бұл дерек қос тілді оқушыларда лексикалық қолжетімділіктің жеткіліксіздігі тез түсінуді тежейтінін көрсетті. Аудармалық ойлау жұмыс жадын артық жүктеп, терең түсінуге когнитивтік ресурсты азайтады.

**3. Терминологиялық және лексикалық қиындықтар.** Зерттеу ресми-ғылыми стильдегі мәтіндер оқушылар үшін ең күрделі аймақ екенін көрсетті. Мысалы, терминдер, абстракт ұғымдар, астарлы мағыналар қиын қабылданды.

Мысалы, 8-сынып оқушыларына ғылыми-көпшілік мәтіннен «экожүйе тепе-теңдігі», «антропогендік әсер» тіркестерінің мағынасын түсіндіру тапсырмасында оқушылардың шамамен 28-30 % терминдерді контекст арқылы дұрыс түсіндіре алса, қалғандары сөзді жеке аударуға немесе анықтамасыз қалдыруға бейім болды.

Бұл нәтиже пәндік-академиялық тілдің жеткілікті қалыптаспағанын көрсетеді. Бағдарламаның грамматикаға басым бағытталуы функционалдық сөздік қордың жүйелі дамуына жеткілікті жағдай жасалмайтындығын байқауға болады.

**4. Тілдік орта мен сөздік қордың шектеулігі:** Сауалнама мен бақылау деректеріне сүйенсек, мектептен тыс ортада моңғол тілінің басымдығы қазақ тіліндегі белсенді сөздік қордың таралуына әсер ететін көрсетті. Оқушылардың ауызша жауаптарын талдау кезінде сөз қайталау, жалпылама сөздерді қолдану, ойын толық жеткізе алмау жиі байқалған. Бұл оқушылардың мәтінді терең түсіну мен интерпретация сапасына тікелей әсер етеді.

**5. Сыни талдау дағдыларының әлсіздігі.** Зерттеу нәтижелері оқушылардың репродуктивті деңгейден жоғары тапсымаларда қиналатынын көрсетті. Мысалы, 9-сынып оқушыларына публицистикалық мәтін бойынша «Автордың негізгі ұстанымын анықтап, өз көзқарасыңды дәлелде» тапсырмасы берілді. Нәтижесінде оқушылардың көпшілігі мәтінді мазмұндаумен шектелген, шамамен 22-25 % автор позициясын нақты көрсеткен, ал дәлелді пікір үлесі төмен. Яғни, бұл көрсеткіштер жоғары деңгейлі оқу дағдыларының жеткілікті қалыптаспағанын дәлелдейді. Сонымен бірге қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдысының төмендігі оқушының түсінгенін вербализациялауына кедергі келтіреді.

Жүргізілген зерттеу қос тілді ортадағы оқу сауаттылығы мәселесі көп факторлы екенін көрсетті:

- академиялық қазақ тілін жүйелі дамыту;
- оқу стратегияларын мақсатты оқыту;
- мәтінмен жұмыстың талдамалық деңгейін арттыру.

Осы бағыттар кешенді түрде іске асқан жайғайда ғана оқушылардың оқу сауаттылығында тұрақты ілгерілеу қамтамасыз етіледі.

Қорытындылай келе, Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептерінде оқу сауаттылығын дамыту - заман талабы мен аймақтық ерекшеліктен туындаған өзекті мәселе екені дәлелденді.

Қос тілді ортадағы оқушылардың басты мәселесі — мәтінді механикалық оқу емес, оның терең мағынасын түсіну, сөздік қордың аздығынан ойды еркін жеткізе алмау және талдау дағдыларының жеткіліксіздігі. Оқу бағдарламалары мен оқулықтардағы теориялық басымдық оқушының функционалдық сауаттылығының дамуын тежеп отыр. Басты мәселе — арнайы оқулықтардың жоқтығы мен оқу бағдарламаларының тым теориялық болуы. Бұл оқушылардың сөздік қорының аздығымен және моңғол тілінің ықпалымен ұштасып, олардың өз ойын еркін жеткізуіне және мәтінді сыни тұрғыдан талдауына кедергі келтіреді.

Оқу сауаттылығын арттыру үшін мұғалімдер жүйелі оқу стратегияларын қолданып, оқушыларды мәтінмен саналы түрде жұмыс істеуге дағдыландыруы тиіс. Бұл болашақта оқушылардың тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде емес, барлық академиялық салаларда және күнделікті өмірде табысты болуына негіз қалайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахметов Ж. Функциональная грамотность и развитие критического мышления у школьников. Алматы: Қазақ университеті, 2020. 184 с.
2. Сүлейменов А. Современные подходы к формированию учебной грамотности в школах Казахстана. Нұр-Сұлтан: Білім баспасы, 2021. 220 с.
3. Мухамедов Б., Жұмабаев Д. Стратегии развития читательской грамотности в билингвальных школах. Алматы: РИО Білім, 2022. 196 с.
4. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Оқу-әдістемелік кешендер: Қазақ тілі мен әдебиет. Нұр-Сұлтан: Зияткерлік мектептер баспасы, 2023. 240 с.
5. Кенжебаев С., Ермакова Г. Использование критического мышления для формирования функциональной грамотности учащихся. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 212 с.
6. Cummins J. Bilingual Education and Academic Achievement. 3rd ed. Toronto: Ontario Institute for Studies in Education, 2018. 256 p.
7. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. Paris: OECD Publishing, 2019. 400 p.

#### REFERENCES

1. Ahmetov Zh. Funkcional'naja gramotnost' i razvitie kriticheskogo myshlenija u shkol'nikov. Almaty: Kazak universiteti, 2020. 184 s.
2. Sylejmenov A. Sovremennye podhody k formirovaniju uchebnoj gramotnosti v shkolah Kazahstana. Nyr-Syltan: Bilim baspasy, 2021. 220 s.
3. Muhamedov B., Zhymabaev D. Strategii razvitija chitatel'skoj gramotnosti v bilingval'nyh shkolah. Almaty: RIO Bilim, 2022. 196 s.
4. Nazarbaev Zijatkerlik mektepteri. Oqu-adedistemelik keshender: Kazak tili men adebiet. Nyr-Syltan: Zijatkerlik mektepter baspasy, 2023. 240 s.
5. Kenzhebaev S., Ermekova G. Ispol'zovanie kriticheskogo myshlenija dlja formirovanija funkcional'noj gramotnosti uchashhihsja. Almaty: Kazak universiteti, 2019. 212 s.
6. Cummins J. Bilingual Education and Academic Achievement. 3rd ed. Toronto: Ontario Institute for Studies in Education, 2018. 256 p.
7. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. Paris: OECD Publishing, 2019. 400 p.